

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.1, Ч.1. - Б.212-214

## **СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА «БЕКТАУ» ЖШС - ДЕ АРАМШӨПТЕРМЕН КЕШЕНДІ КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ**

*Таймас Ж.А.*

Арамшөптер деп адам өз қолымен өсірмейтін, бірақ ауылшаруашылық алқаптарда өсіп, ауылшаруашылық дақылдардың өнімділігін кемітіп және сапасын нашарлататын өсімдіктерді атайды.

Арамшөптер дақылдардың арасында өсіп, олар су, қоректік зат үшін алғашқылармен күреске түседі. Осындай қатар өсу өнімнің әртүрлі мөлшерде төмендеуіне, өсімдіктердің толық өлуіне дейін әкеп соғады.[1] Мақалада осы бағыттағы үлкен кедергінің бірі болып саналатын арамшөптермен кешенді күрес жолдарын қарастырамыз. Себебі танаптардың арамшөптермен ластануы мен алынатын өнім арасында тығыз кері байланысы бар. Арамшөптермен жеке жұмыс істейтін адамдардың бірінші жауы. Олар мәдени өсімдік арасында өсіп, олардың қоректік заттарын, ылғалын алып отырып, өнімділігін азайтады. Орта есеппен өнім азайюы 10-30 процентке дейін болады. Кейде мәдени өсімдіктерді толық құртады.

Солтүстік Қазақстан облысы еліміздегі жоғарғы сапалы сортты жұмсақ және қатты бидай өсірумен айналысатын негізгі аймақ болып табылады. Сондықтан әр гектардан тұрақты және жоғары өнім алу үшін ауыл шаруашылығы көптен күш жұмсайды. Бұл бағыттағы үлкен кедергінің бірі болып саналатын арамшөптермен күрестің маңызы зор.

Қазіргі кезде арамшөптермен күрестің агротехникалық, химиялық, биологиялық және тағы басқа жолдары бар. Арамшөптермен күресте гербицидтер, жанар-жағармай, техника жұмсалады. Күрестің алдын-алу, тазалау секілді шаралар кешенді түрде қолға алынуда. Солтүстік Қазақстан еліміздегі жоғарғы сапалы сортты жұмсақ және қатты бидай өсірумен айналысатын негізгі аймақ болып табылады. Сондықтан әр гектардан тұрақты және жоғарғы өнім алу үшін ауылшаруашылығы көптен - күш жұмсайды.[2]

Арамшөптермен күрес - белгіленген өнімділік жолындағы жалпы күрестің негізгі буындарының бірі. Сондықтан академик Б.А.Келлер: «Біздің танаптарымызда өнімділікті тез көтеру үшін керекті жағдайлардың ең алғашқыларының бірі-оларды арамшөптерден тазарту,»- деп нақты атап

көрсетті. Қазіргі кезде ғылым мен тәжірибеде арамшөптермен күрестің тиімді шаралары мен жолдары белгілі. Бірақ жұмыстың жемісті болуы егіншінің арамшөптермен күрес жөніндегі ұсыныстарды есептеп жүзінде сауатты, шебер және дер кезінде пайдалануына байланысты.[3]

Арамшөптер барлық ауыл шаруашылық экожүйесінің биологиялық құрамдас бөлігі болып табылады. Арамшөптердің түрлері, тығыздығы және биомасса ойнайды ауыл шаруашылығы алқаптарының биологиялық әртүрлілігін сақтауда маңызды рөл атқарады. Алайда арамшөптердің шамадан тыс саны болады су, қоректік заттар мен жарық үшін егістіктермен бәсекелеседі.[4]

Зерттеу жұмыстары Ақмола облысы, Шортанды ауданы «Бектау» ЖШС - де жүргізілуде. Аудандағы іргелі шаруашылықтардың бірі саналатын «Бектау» серіктестігі жалпы көлемі 21465 гектар алқапқа дәнді дақыл себеді. Оның 17948 гектары бидай және 2167 гектар жерге арпа себіледі. Қолдағы азын-аулақ мал үшін 1350 гектар жерге екпе шөп егілді. «Бектау» ЖШС-і 1997 жылы негізі қаланған, Бектау ауылында орналасқан. Негізгі айналысатын бағыттары: ауыл шаруашылығы, орман және балық шаруашылығы. Бүгінде «Бектау» ЖШС-інде 104 адам тұрақты жұмыс істейді. Маусым кездерінде еңбек ететіндер саны екі жүзден асып жығылады. [5] Жалпы соңғы 3 жыл ішіндегі өнімділік көрсеткіштерін келесі кестеден көре аласыздар. ( 1-кесте)

1- кесте. Дақылдардың өнімділігі

№	Дақыл түрлері	Өнімділігі, ц/га		
		2015жыл	2016жыл	2017жыл
1	бидай	14	12	8
2	арпа	9	20	10

Ауыл шаруашылық танаптардың ластануы туралы толық мәліметтерді алу үшін арамшөптердің негізгі түрлері жаппай өне бастаған кезде есеп әдісімен зерттеу жұмыстар жүргізіледі. Бұл мақсатпен әр танаптың ең ұзын диагоналі бойынан, аралығын бірдей жасап, көлемі 50×50см (0,25 м<sup>2</sup> ) кәсекті салып есепті жүргізілуде. Ауданы 50 гектарға дейін танаптарда және учаскелерде кәсекті он рет, 50-10 гектар жерде 15 рет, көлемі 100 гектардан артық болса 20 рет салынды. Кәсектің ішіндегі арамшөптердің әр түрлерінің санын есептеп, мәліметтерді танаптардың ластануын бақылау парағына жазып алып отырылуда.[6] Соның ішінде егістікте көп мөлшерде кездескен арамшөп түрлері: қара сұлы, далалық шырмауық, егістік қалуен және т.б.

Зерттеген мәліметтері арамшөптермен кешенді күресу шараларын құру және гербицидтерді сатып алу үшін қолданылды. Ауыспалы егісте арамшөптермен күрес үзіліссіз барлық танаптарда алдын ала сақтандыру, агротехникалық, химиялық және тағы басқа шараларды үйлестіре жүргізілуі керек. Себебі танаптардың әр гектарында бірнеше миллион дана

арамшөптердің тұқымы болатынын, арамшөптердің тарлу, қоршаған ортаға бейімделу ерекшеліктерін және мәдени өсімдіктердің тұқымдарын арамшөптерден толық тазартуға мүмкіндік жоқ екенін ескерсек оларды бір қабат жүргізілген шара арқылы толық жоюға болмайтыны болады.[7]

Сүрі танаптағы топырақты механикалық өңдеу арамшөптің жер астындағы бөліктеріндегі қоректік заттарды азайтып әлсіретуге бағытталса, гербицид тамырларға өну арқылы олардың үлкен тереңдікте өлуіне әсер етеді. Осындай технологиямен өңдеу сүрі танабын тек атпатамырлы арамшөптерден тазалап қана қоймай, бес рет механикалық өңделген бақылау вариантымен салыстырғанда, жаздық бидайдың гектарынан 2,6-3 центнер қосымша өнім алуға мүмкіндік береді. [8]

Арамшөптерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстары жүргізіліп отырады. Қосжарнақты арамшөптерге қарсы 2,4 Д ( прогресс ) + Эдванс гербицидтерін аралыстырып баковый смесь жасау арқылы өңдеу жұмыстарын жүргізуге болады. Даражарнақты арамшөптерге қарсы Скалт Форте гербициді қолданылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Ахметов Қ.А., Шрамко Н.В., Вольская Н.А. Екіншіліктегі топырақ қорғау ауыспалы егісі. Алматы, «Қайнар», 1988

2. Велецкий Н.Н. Технология применения гербицидов. Колос, Ленинград, 1980

3. Иванников А.В., Шрамко н.в., Мұқажанов Қ.М. Солтүстік Қазақстан егіншілігі. Астана, 2005

4. Effect of long-term fertilisation on the weed community of a winter wheat field.

Authors: Jiang, M., Liu, T., Huang, N., (...), Shen, M., Dai, Q. A source: Scientific Reports 8(1),4017 - 2018

5. <http://alach-akparat.com/bolasha%D2%93y-bekem-bektau/>

6. Колмаков П.П. Овсяг и борьба с ним. Целиноград, 1964

7. Нестеренко А.М., Грачев В.И., Гайнутдинов Г.С. Особенности борьбы с сорняками при минимализации обработки. Омск, 1981

8. Өрісбаев Қ., Ұзақов Н. Арамшөптермен күрес анықтамалығы. Алматы, «Қайнар», 1981

*Ғылыми жетекші: Амралин А.О., а.ш. ғылымдарының кандидаты, доцент*